

Интернет желісіне қолжетімділік қызметтерін көрсетуге ЖАРИЯ ШАРТ

Осы Жария шарт (**бұдан әрі – Шарт**) оператордың телекоммуникациялық желісі, сондай-ақ өзге олармен технологиялық тұрғыдан байланысты қызметтердің шеңберінде, бұдан әрі «**Оператор**» деп аталатын «КаР-Тел» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бұдан әрі «**Абонент**» деп аталатын осы Шарт талаптарына қосылған тұлғаға қызметтерді көрсетудің жалпы талаптарын анықтайды. Шарт бойынша Абонент пен Оператор бірге «Тараптар» деп аталады:

1. Осы Шартта мына негізгі түсініктер пайдаланылады:

1) **Абонент** – осы Шарт жасалған жеке немесе заңды тұлға;

2) **Абоненттік төлем** – Абоненттің белгілі бір уақыт аралығы үшін Қызметтердің нақты тұтынған көлемінен тәуелсіз төлеудің тіркелген мөлшерінің міндетті төлемі;

3) **Акциялық тарифтік жоспар** – Абонент қабылдауға келіскен кезде қосылу мерзімі бойынша, жарамдылық мерзімі немесе басқа шектеулер бойынша шектеулерді қамтитын талаптарды сақтайтын Оператордың Абоненттерге ұсынатын жеңілдік шарттары бар тарифтік жоспары;

4) **Аутентификациялық деректер** – Интернетке қолжетімділік қызметін немесе олармен технологиялық тұрғыдан байланысты қызметтерді алу құқығын растау үшін пайдаланылатын Абоненттің бірегей логині және құпия сөзі (password)

5) **Дербес шот** – көрсетілген қызмет көлемін есептеуге, жасалған шартқа сәйкес Абонентпен енгізілген ақшалай қаражаттардың түсуі мен Қызметті төлеу есебіне жұмсауды есептеуге арналған Оператордың биллингтік жүйесінде аналитикалық есептің тіркелімі.

6) **Жеке кабинет** – осы Шарттың әрекет ету мерзіміне бөлінген, өздігінен қызмет көрсету, бақылау, тарифтік жоспарлар мен қызметтерді басқарудың автоматты интерфейсі бар, Оператордың интернет-ресурсындағы Абоненттің жеке бөлімі, оған қолжетімділік Оператормен белгіленетін абонентті сәйкестендіретін деректерді (бірегей логин, құпия сөз, кодтық сөз және/немесе өзге деректер) пайдаланумен абонентті сәйкестендіргеннен кейін абонентпен жүргізіледі;

7) **Абоненттің жеке деректері** – электрондық, қағаз және (немесе) өзге материалдық тасығышта тіркелген жеке тұлғаға қатысты мәліметтер. Мұндай ақпараттың тізбесі Оператормен бекітіледі және Оператордың сайтында орналастырылады.

8) **Серіктестер** – Оператормен жасалған шарттар негізінде кез келген қызметтерді сапалы көрсету және жылжыту, оның ішінде Оператордың жұмыс процестеріне қызмет көрсету мақсатында Оператормен тартылатын тұлғалар.

9) **Оператордың өкілі** – (агент, дилер, дистрибьютор, сондай-ақ олардың субагенттері мен өкілдері) – сенімхат немесе Оператормен бар шарттың негізінде өкілетті заңды немесе жеке тұлға:

- Оператор қызметтерінің таратуын жүргізу; және (немесе)

- Оператордың атынан байланыс қызметтерін көрсетуге Шарттарды жасасу;

10) **Оператордың сайты** – мына мекенжай бойынша интернет желісінде Оператордың ақпараттық ресурсы: www.beeline.kz.

11) **Стандартты қосылу** – Абоненттің үй-жайында ашық тәсілмен 20 метрден аспайтын UTP кабелін салуды, желіге қосылуға қажетті Windows операциялық жүйені күйге келтіруді қамтитын Абоненттің 1 (бір) абонент құрылғысын қосу. Стандартты қосылу кезінде Оператордың әрекеттерінің көрсетілген тізбесі толық және өзіне басқа қызметтерді және/немесе қосымша жабдықты (роутерлер және т.б.). күйге келтіруді қамтымайды.

12) **Тариф** – байланыс қызметтерін тарификация мөлшері құнының ақшалай көрінісі.

13) **Тарифтік жоспар** – байланыс қызметтерінің тізбесі мен құны, оларды ұсыну ерекшеліктері мен Оператормен абоненттерге немесе абоненттердің белгілі бір тобына белгіленетін тарификациясын анықтайтын тарифтік ұсыныстардың жүйесі.

14) **Оператордың хабарламасы** – Қызметтерді көрсетуге қатысты Абонентке жолданатын Оператордың жазбаша, дыбысты немесе мәтіндік хабарламасы (Оператордың қаражаттарын және/немесе бұқаралық ақпарат құралдары).

15) **Қысқа мәтіндік хабарлама (SMS, USSD)** – белгілі бір бірізділікпен Оператор желісінің және абонент құрылғысының техникалық мүмкіндіктерімен қолжетімді көлемде терілген әріптер және/немесе сандар және/немесе символдардан тұратын ақпараттық хабарлама;

16) **Тіркелген байланыс желілері арқылы Интернетке қолжетімділіктің қызметі - «Үйдегі Интернет»** (бұдан әрі – Қызмет) – Интернетте абоненттік құрылғының белгілі бір базалық станцияның жұмыс істеу радиусында жұмыс істеу мүмкіндігін ұсыну бойынша қызмет, бір аймақтан басқа байланысқа орын алмастырған кезде үзіледі және жаңадан орнатылады.

17) **Есеп кезеңі** – қызметтер көрсетілген және есептелген күнтізбелік ай.

Осы Шартта Интернетке қолжетімділік қызметтерін көрсету туралы Қазақстан Республикасы заңнамасымен көзделген өзге түсініктер мен анықтамалар пайдаланылады.

I. ШАРТТЫҢ МӘНІ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Шарт бойынша Оператор Абонентке қызмет көрсетеді, ал Абонент Оператор көрсеткен қызметтерді осы Шартпен көзделген тәртіпте төлейді.

1.2. Осы Шарт жария болып табылады, осы Шарттың талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленді және Оператор мен өздігінен орнатылады. Осы Шарттың талаптары осы Шарт II-бөлімінің 2.2.-тармағымен көзделген тәртіпте, оған жалпы қосылу арқылы өзгеше емес қабылдануы мүмкін.

1.3. Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Шартпен белгіленген тәртіптен өзгеше, осы Шарт бойынша Абоненттің құқықтары мен міндеттері басқа тұлғаларға берілуі мүмкін емес. Оператор Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз қызметін жүзеге асыру үшін Серіктестерді тартуға құқылы.

1.4. Абоненттің Шартқа қосылған сәтінен бастап, Оператор Абоненттің жеке деректерін жинауды, өңдеуді жүргізеді, сондай-ақ «КаР-Тел» ЖШС Саясатымен көзделген және Оператордың сайтында орналастырылған абоненттің жеке деректерді жинау, өңдеу қорғауға қатысты өзге әрекеттерді жүргізеді.

Абонент осы Шартқа қосыла отырып, Оператор Абоненттің Жеке деректерін жинау және өңдеу үшін, сондай-ақ үшінші тұлғаларды, оның ішінде Серіктестерді және (немесе) Өкілдерді тартуға құқылы екендігіне, сондай-ақ «КаР-Тел» ЖШС Саясатымен көзделген абоненттердің жеке деректерін жинау, өңдеу және қорғауға қатысты өзге әрекеттерді жүргізуге өзінің келісімін және қарсы емес екендігін білдіреді. Өз қызметінің шеңберінде, Оператор оларды уәкілетті органдарға және (немесе) Серіктестерге Абоненттің қосымша келісімді алмай-ақ, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қатаң сәйкестікте беруге құқылы.

Абоненттің Жеке деректерін жинауға және өңдеуге келісімін кері қайтару Абоненттің жазбаша өтініші бойынша жүргізіледі. Көрсетілетін қызметтердің тізбесі Оператордағы Абонент Жеке деректерінің болуына тәуелді, және егер келісуді кері қайтарған жағдайда қызметтерді көрсету толық немесе ішінара тоқтатылуы мүмкін.

1.5. Осымен Абонент жеке кабинетте көрсетілген телефон нөмірлеріне және e-mail мекенжайларына жарнамалық және ақпараттық сипатта көрсетілген ақпаратты алуға (оператормен және серіктеспен жіберілімдер) өзінің келісімін береді.

II. ҚЫЗМЕТ

2.1. Қызметтің сипаттамасы:

2.1.1. Қызмет Абоненттің абоненттік құрылғысына қосылатын Ethernet технологиясы бойынша құрылған (немесе оған ұқсас технологиясы) жергілікті компьютерлік желілердің бірін пайдаланумен Интернет желісінде деректерді жіберуге мүмкіндік береді.

2.1.2. Интернет желісіне қолжетімділік арнасының өткізу қабілеті Абонент таңдаған Тарифтік жоспарға сәйкес шектеледі.

2.1.3. Абоненттің абоненттік құрылғысы Ethernet технологиясы бойынша жергілікті желіге Ethernet үйлесімді желілік картасымен немесе адаптерінің көмегімен бір желілік кабелі арқылы қосылады. Абоненттің жабдығы TCP/IP хаттамалар жиынтығын қолдауы тиіс.

2.1.4. Қызмет өзінің сипаттамалары бойынша Абонент таңдаған Тарифтік жоспарға сәйкес көрсетілген оған дейінгі өткізу қабілеті арналардың өнімділігінің шектеулеріне/осы ресурстар жабдығына толықтай тәуелді Интернеттің барлық ресурстарына өткізу қабілетін сақтауға кепілдік бермейді. Интернетке қолжетімділіктің жылдамдығына Абонент жабдығының өнімділігі де әсер етеді. Оператор бөгде факторларға әсер етуі мүмкін емес және өз желінің шегінен тыс өтінген жылдамдыққа кепілдік бере алмайды. Қызметтің өткізу қабілеті Оператордың шекаралық маршрутизаторға дейін кепіл болады.

2.2. Қызметті көрсету тәртібі:

2.2.1. Оператор Қызметті көрсетудің техникалық мүмкіндігінің болуы кезінде физикалық мекенжайлар (жеке тұлғаларға және заңды тұлғаны құрусыз кәсіпкерлік қызметпен айналысатын тұлғаларға) бойынша ғана өз шарттық міндеттемелерді орындайды.

2.2.2. Қызметтер талаптары Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес әзірленген және Оператормен өздігінен орнатылатын жария шарт болып табылатын осы Шарт негізінде көрсетіледі. Шарт Оператормен немесе Қазақстан Республикасы заңнамасымен айқындалатын тәсілмен шартты жасасу туралы өтінішті беру арқылы оның абонентпен акцептінен кейін күшіне енеді.

2.2.3. Қызметті көрсету басталуы болып уақытша құпия сөздің тұрақтысына ауыстыру болып табылады. Қызметке қолжетімділіктің жұмысқа қабілеттілігі Шарттың ажыратылмас бөлігі болып табылатын Орындалған жұмыстардың актісін екі тараптан қол қоюмен куәландырады. Орындалған жұмыстардың актісінде Қызметті көрсетудің басталу күні көрсетіледі.

2.2.4. Абонентке қосылу параметрлерін өзгерту, статистиканы қарау мүмкіндігімен Оператордың сайтында «Жеке кабинетке» қолжетімділік ұсынады (тарифтік жоспарлар, қосымша қызметтер).

2.2.5. Қызмет туралы ақпарат Оператордың сайтында жарияланады. Қызмет шеңберінде Абонентке «Жеке кабинетке» қолжетімділік мүмкіндігін ұсынады, бұл кезде Абонент Оператордың «Жеке кабинетінде» және Оператордың сайтында орналастырылған ақпаратты аптасына 1 (бір) реттен жиі емес сүйемелдеуге міндеттенеді. «Жеке кабинетті» пайдалану ережелері Оператордың сайтында орналастырылды.

2.2.6. Егер Абоненттің сессиясы үзіліссіз 24 сағаттан артық емес ұзартылған жағдайда, Оператор жабдығы жұмысының ерекшеліктерімен шартталған қысқа мерзімді үзілістер болуы мүмкін.

III. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1 Оператор:

3.1.1. Абонент таңдаған қызметтерді (бұдан әрі - Қызметтер) осы Шарттың жарамдылық мерзіміне ҚР заңнамасына, Шартқа және Талаптарға сәйкес қажетті профилактикалық және жөндеу немесе Оператор жабдығының ерекшелігімен туындаған жұмыстарды жүргізуден басқа, күн сайын, тәулігіне 24 сағат, үзіліссіз пайдалануға ұсыну.

3.1.2. Абонентті Оператордың Сайтында немесе деректемелерде көрсетілген электрондық мекенжайы бойынша жоспарланған профилактикалық жұмыстары туралы электрондық мекенжайы бойынша жариялау арқылы хабардар ету.

3.1.3. Оператордың кесірінен Қызметтерді көрсетуді тоқтатқан жағдайда ақаулықтарды және бұзушылықтарды жоюдың ішкі процедураларына сәйкес жөндеу жұмыстарын жүргізу және Абоненттің Қызметтерге қолжетімділігін қайта қалпына келтіру. Қызметтерді ұсынуды тоқтату Абоненттің Оператордың техникалық қызметке жүгіну сәтінен бастап саналады.

3.1.4. Оператордың кесірінен туындаған ақаулықтарды жою оның есебінен жүргізіледі. Абоненттің кесірінен туындаған ақаулықтар Оператор ұсынған мердігер ұйыммен қосымша ақы үшін, оның белгілеген тарифтерге сәйкес жойылады.

3.1.5. Оператордың кесірінен телекоммуникация желісіне қолжетімділік болмаған жағдайда абоненттік төлемнің қайта есептеуін жүргізу;

3.1.6. Оператор телекоммуникация желілері арқылы берілетін Абонент ақпаратының құпиясы құқығын шектеу және Қазақстан Республикасының жедел іздестіру қызметі мен қылмыстық процессуалдық заңнамасымен орнатылған жағдайларда және тәртіпте шектеу жағдайларынан басқа осы құқықтың қамтамасыз етуге;

3.1.7. Оператор мен Абонент арасында жасасқан шарт бойынша қызметтерді уақытында төлемегені үшін Қызметке қолжетімділікті жапқан кезде, Абонент берешегін өтеген сәтінен бастап 24 сағат ішінде (жиырма төрт сағат) қолжетімділікті қайта қалпына келтіруге;

3.1.8. Абонентті көрсетілетін Қызметтердің мәселелері бойынша тәулік бойы консультация режимінде ұйымдастыруға;

3.1.9. Абонентке Дербес шоттың ағымдағы Есептік кезеңдегі жағдайы туралы, оның ішінде Қызметті пайдалану уақыты, оның ұзақтығы мен тегін құны туралы есептік ақпаратты, Абонент Оператордың сату және қызмет көрсету кеңсесіне тиісті жазбаша өтінішпен келген кезде жеке куәлік құжатын ұсынған кезде, сондай-ақ Оператормен айқындалатын және Абонент қабылдаған өзге тәсілмен ұсынуға;

3.1.10. Абонентке ұсынылатын Қызметтердің көлемін Абоненттің Дербес шотындағы қаражаттардың мөлшеріне тәуелді шектеуге;

3.1.11. Қазақстан Республикасы заңнамасымен көзделген өзге міндеттерді көтеруге **міндетті.**

3.2. Оператор:

3.2.1. Оператордың Сайтында тиісті ақпаратты жариялау немесе Қысқа мәтіндік хабарламаларды жолдау арқылы осы Шарттың талаптарына өзгерістері немесе толықтыруларды енгізу. Осы Шартқа өзгерістерді немесе толықтыруларды енгізу туралы жариялау немесе Оператордың Абонентті хабардар еткен сәтінен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн өткеннен кейін Оператор осы Шарттың 7.4-тармағына сәйкес осы Шарттан жазбаша бас тартуды алмаса, Осы Шарттың талаптарына өзгерістер немесе толықтырулар қабылданды және келісілді болып саналады;

3.2.2. Тарифтік жоспарлар талаптарына, және Оператордың өзге Қызметтеріне өзгерістер немесе толықтыруларды енгізу немесе оларды біртарапты тәртіпте ықшамдау. Бұл ретте Оператор Абонентті Қысқа мәтіндік хабарламаларды жолдау арқылы және (немесе) басқа көпшілікке қолжетімді тәсілмен (оның ішінде: Оператордың Сайтында және (немесе) Оператордың сату және қызмет көрсету кеңселерінде, және (немесе) Серіктестерде және (немесе) Операторда және (немесе) Шартпен көзделген өзге тәсілмен) 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын алдын ала хабардар етеді;

3.2.3. Тарифтік жоспарды және (немесе) Қызметті ықшамдаған кезде, егер Абонентті Тарифтік жоспарды және (немесе) Қызметті ықшамдау туралы хабардар ету сәтінен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Абонент басқа Тарифтік жоспарға немесе Қызметке өтпесе, немесе осы Шартты бұзбаса немесе осы Шарттың 7.4.-тармаққа сәйкес осы Шартты бұзбаса, Абонентті өзге тарифтік жоспарға немесе Қызметке өзінің қарауынша көшіруге;

3.2.4. Абонент осы Шарттың талаптарын бұзған жағдайда, оның ішінде Абонент осы Шарттың 4.3-тармақты бұзған жағдайда Қызметтерді жалпы немесе бұзушылықтардың толық жою бөлігінде тоқтату. Бұзушылықтарды жоймаған жағдайда Оператор Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес Қызметке қолжетімділікті тоқтатады;

3.2.5. Қосымша қызметтерді көрсеткен кезде мұндай қызметтерді ұсыну талаптарын Абонентті ол туралы көпшілікке қолжетімді тәсілмен хабардар етіп орнату (оның ішінде: Қысқа мәтіндік хабарламаларды жолдау арқылы және (немесе) Оператордың Сайтында және (немесе) Оператордың сату және қызмет көрсету кеңселерінде, және (немесе) Серіктестерде және (немесе) Оператор өкілдерінде);

3.2.6. Абоненттің Қызмет шеңберінде берешек болған кезде, өндіріп алуға тарту, берешекті үшінші тұлғаларға беруге және сатуға, бұл ретте Абонент Оператордың мұндай тұлғаларға осы Шарт шеңберінде алған және берешектерді өндіріп алу үшін қажетті оның жеке деректерін ұсынуға келіседі;

3.2.7. Абоненттің келісімімен соңғысына Оператормен анықталатын Қызметтерді алдағы төлемдердің есебінен ұсыну. Оператор ұсынған Қызметтердің құны Абонент өзінің дербес шотын толтыру және Оператордың осы шоттан көрсетілген қызметтердің құнын есептен шығару арқылы төленеді, оған Абонент Қызметке қосылу арқылы өзінің келісімін ұсынады;

3.2.5. Оператор Абонент жауапкершілік аймағында ақаулықтар туындаған жағдайда қосымша ақылы қызметтерді орындау үшін мердігерді ұсынуға құқылы. Оператор мердігер көрсеткен қызметтердің сапасы үшін жауапты болмайды.

3.2.6. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Оператордың анықтамалық-ақпараттық қызметіне келіп түсетін кіріс қоңырауларының жазуын жүргізуге. Оператор Абоненттің Оператор қызметіне жатпайтын мәселелер бойынша бірнеше рет жүгінген жағдайларда немесе Оператор жұмыскеріне құрметсіз жүгіну жағдаларда анықтамалық-ақпараттық қызмет көрсетуге қолжетімділікті шектеуге құқылы;

3.2.7. Абоненттің дербес шотынан Оператор кірісінің есебіне ақшаны есептен шығаруды жүргізу, егер Абонент осы Шарттың VII-бабымен және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша осы Шарттың жарамдылығы аяқалғаннан кейінгі 3 (үш) жыл ішінде оның Дербес шотынан ақшаның қалдығын қайтару туралы өзінің талаптарын өтінбеді.

3.2.8. Абонент өзінің Жеке деректерін жинауға және өңдеуге өз келісімін кері қайтарған жағдайда осы Шартты орындаудан біртараптан бас тартуға.

3.2.9. Қазақстан Республикасының заңнамасына қарама-қайшы келмейтін өзге құқықтарды жүргізуге **құқылы**.

3.3. Абонент:

3.3.1. Оператордың Қызметтерін осы Шарттың IV тарауында көрсетілген талаптарына және таңдаған Тарифтік жоспарға сәйкес уақытылы және толық көлемде төлемді жүргізу.

3.3.2. Операторды өз деректемелерін (тегі, тұру мекенжайы және т.б.) және/немесе байланыс деректерінің өзгеруі туралы 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жазбаша хабардар ету.

3.3.3. Шарттың, Тарифтік жоспарлардың, Оператор Сайтында Қызметтерді ұсыну талаптарының өзгеруімен уақытылы танысу.

3.3.4. Абонент оған иеленген логиннің, құпия сөздің (құпия сөздердің) құпиялылығын қамтамасыз етуге міндетті.

3.3.5. Абонент ресурстарының үшінші тұлғалармен немесе ұйымдармен санкцияланбаған пайдалануға қолжетімділікке жол бермеу үшін өзінің бағдарламалық және аппараттық қамтамасыз етуді дұрыс күйге келтіруді және пайдалануды қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қабылдау. Атап айтқанда, Абонент компьютерлік «вирустардың» профилактикасын уақытылы өткізуге міндетті.

3.3.6. Абонент Шарттың IX-бабында көрсетілген логинді тіркеу мекенжайы бойынша ғана логинді пайдалануға міндетті.

3.4. Интернет желісінде деректерді беру қызметтерді және телематикалық қызметтерді пайдаланған кезде Абонентке мыналарға тыйым салынады:

- Оператор желісі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ халықаралық заңнамасының талаптарына сәйкес таратуға тыйым салынған ақпаратты беру;

- деректерді беру желілеріне, телематикалық қызметтерге, телефондық желілерге, олардың элементтеріне, сондай-ақ компьютерлерге, басқа жабдыққа немесе Абонентке тиесілі емес бағдарламалық қамтамасыз етуге санкцияланбаған қолжетімділікті алуға немесе қалыпты жұмыс істеуді бұзуға бағытталған әрекеттерді жасауға;

- компьютерлік «вирустарды» қамтитын немесе Абонентке тиесілі емес компьютерлердің қалыпты жұмысын бұзуға қабілетті ақпаратты немесе бағдарламалық қамтамасыз етуді жариялау немесе беру;

- Үшінші тұлғаларға немесе ұйымдарға Интернет желісіне қолжетімділік қызметтерін ұсыну үшін Оператордың Қызметін пайдалану, сондай-ақ өзге операторлардан және байланыс желілерінен трафикті өткізу үшін, сол сияқты қызметті коммерциялық мақсаттарда (компьютерлік және ойын клубтары, букмекерлік ұйымдар) қызметті пайдалануды жүргізу. Абоненттің көрсетілген тармақты бұзған жағдайда, Оператор келтірілген шығынды өтеу мақсатында Шарттың 5.6.-тармақшада көрсетілген айыппұлды қолдануға құқылы;

- Оператордың немесе үшінші тұлғалардың мүдделеріне зиян келтіруі мүмкін әрекеттерді жасау; Оператордың қызметін пайдаланған кезде Қазақстан Республикасында белгіленген ережелерге сәйкес сертификатталмаған және Оператор желісінің жұмысқа қабілеттілігін бұзуы мүмкін жабдықты және бағдарламалық қамтамасыз етуді қолданған кезде пайдалануға;

- желі жұмысының бұзуына әкеп соғуы мүмкі және (немесе) Операторға зиян келтіруі мүмкін өзге іс-шараларды жүргізуге.

3.5. Абонент :

3.5.1. Абонент:

Оператор, оның жұмыс тәртібі мен Оператор көрсететін Қызметтердің жиынтығы туралы қажетті және сенімді ақпаратты талап етуге;

Операторды жазбаша немесе Оператор көрсеткен өзге нысанда, сондай-ақ «Жеке кабинетті» Қызметтерді басқару жүйесі арқылы Қызметтерді, Тарифтік жоспар тізбесін өзгертуге.

3.5.2. Оператордан Қызметтерді көрсеткен кезде құрамы, ерекшеліктері мен шектеулері туралы, Қызметтерді төлеу тәртібі, Оператор қызметтерінің жұмыс тәртіптері туралы және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген көлемде және тәртіпте басқа ақпаратты алуға;

3.5.3. Апатты жағдайлар, Қызметтерді көрсетудегі қанағаттанғысыз сапа немесе үзілістер туындаған кезде Абонент ол туралы жазбаша түрде Сату және клиенттерге қызмет көрсету кеңсесіне немесе Оператордың Сайтында көрсетілген телефондар бойынша ауызша хабарлайды.

3.5.4. Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге құқықтарды жүргізуге **құқылы.**

IV. ТАРИФТЕР МЕН ЕСЕПТЕУЛЕР ТӘРТІБІ

4.1. Қызметтерге тарифтер Оператормен өздігінен анықталады. Абонент таңдаған Тарифтік жоспар немесе Акциялық тарифтік жоспар, қызметтердің тізбесі, оның ішінде осы Шарт бойынша Оператор көрсететін акциялар туралы ақпарат Оператордың Сайтында орналастырылады және Шарттың ажыратылмас бөлігі болып табылады. Қызметті пайдалануына қарай Абоненттің алдын ала төлем ретінде енгізілген ақша Оператормен Тарифтік жоспардың қолданыстағы талаптарына сәйкес есептеледі.

4.2. Алғышқы Стандартты қосылудың құны, егер өзге Тарифтік жоспардың талаптарымен ескертілмесе, таңдалған Тарифтік жоспар құнына кіреді.

4.3. Тарифтік жоспарды Қызметтің басқа Тарифтік жоспарға ауыстыру дербес шотта бұғаттаудың болмауы және дербес шотта Тарифтік жоспарды ауыстыру жүргізілетін айдың соңына дейін қалған күндерге пропорционалды жаңа Тарифтік жоспарды төлеуге жеткілікті соманың, сондай-ақ, егер ол әр жеке Тарифтік жоспардың талаптарымен көзделсе, Тарифтік жоспарды ауыстыру үшін төлемнің болу шартымен мүмкін.

Абонент кейбір Тарифтік жоспарлар, Акциялық тарифтік жоспарлар және/немесе Қызметтер белгілі бір шектелген мерзім ішінде әрекет етуі мүмкін екендігіне келіседі және мұндай Тарифтік жоспарлары, Акциялық тарифтік жоспарлар және/немесе Қызметтер, Абонент сондай-ақ олардың әрекет ету мерзімі аяқтағаннан дейін қолданылатын Оператормен көздеген ережелермен, сондай-ақ Оператор белгілеген тиісті Тарифтік жоспарлар, Акциялық тарифтік жоспарлар және/немесе Қызметтерге арналған әрекет ету мерзімдерін есептеу ережелерімен келіседі. Бұл ретте Оператормен көзделген әрекеттердің мерзімдерін есептеу немесе аяқталудың өзге ерекше ережелері

болмаған кезде, мұндай кез келген мерзімдер Қазақстан Республикасы, Астана қ. уақытымен есептеледі, ал күндермен, апталармен немесе айлармен белгіленген жарамдылық мерзімі тиісті тәуліктердің аяқталуына дейін қалған уақытына тәуелсіз бірінші күні болып саналатын Тарифтік жоспарды, Акциялық тарифтік жоспарды және/немесе Қызметті белсендіру күнін қамтиды.

4.4. Тарифтік жоспарды ауыстыру Абоненттің өздігінен «Жеке кабинет» арқылы немесе Операторға жүгінген кезде тіркеу деректерін растау кезінде жазбаша немесе ауызша өтініш бойынша жүргізіледі. Тарифтік жоспарды ауыстыру ережелері мен шарттары Оператормен Оператордың сайтында орналастырылады.

4.5. Қызметтер алдын ала төлеу талаптарымен ұсынылады. Қызметтер үшін төлеуге жататын сома «Жеке кабинетте» төлеуге шотты ұсынбаусыз көрсетіледі. Алдын ала төлеу Шартпен көзделген тәртіпте төленген Қызметтер үшін Абоненттің аванстық төлемі болып табылады. Аванстық төлем Оператордың сайтында орналастырылған нұсқаулықтарға сәйкес Абонентпен жүргізілуі мүмкін. Қызметтер үшін Абоненттің аванстық төлемдері біріншіден Абоненттің берешегін өтеу үшін пайдаланылады, ал берешекті өтеген кезде аванстық төлемнің қалған бөлігі Абонент таңдаған Тарифтік жоспармен көзделген Қызметтер үшін төлемдері үшін пайдаланылады.

4.6. Абоненттің Операторға аударылатын қаражаттар олардың Оператордың есеп айырысу шотына түскеннен кейін (Оператордың кассасын төлеген сәтте) Абоненттің дербес шотына Оператормен қосылып қойылады және Абоненттің дербес шотында (логинде) теңгеде есепке алынады.

4.7. Қызметтер үшін алдын ала төлем ретінде төленген төлемдер бойынша ақпарат Абоненттің «Жеке кабинетінде» көрінеді. Абонент ағымдағы ақпаратты уақытылы алу үшін өзінің Дербес шотының жағдайын үнемі тексеруге міндеттенеді.

4.8. Оператор Абоненттің дербес шотында (логинде) қаражаттарды толық пайдаланған кезде және Абоненттің дербес шотында (логинде) дербес шоттың балансын толтыру сәтіне дейін кезекті ай сайынғы абоненттік төлемді есептен шығару үшін қаражаттардың жеткіліксіз болса, Абонентке Қызметтердің барлығын немесе бір бөлігін ұсынуды тоқтатуға құқылы.

4.9. Осы Шарт бойынша Қызметтерді төлеген кезде Абонент оған тіркеу процедурасынан өткеннен кейін тағайындалатын Дербес шотты (логинді) көрсетеді.

4.10. Егер Абоненттің дербес шотындағы теңгерім Абонент таңдаған Тарифтік жоспармен көзделген Қызметтеріне төлемді есептен шығару үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Қызметтер Оператормен тоқтатылады. Қызметтерді көрсету Абонент таңдаған тиісті Тарифтік жоспармен көзделген мөлшерге дейін Абоненттің дербес шотындағы теңгерімді толтырғаннан кейін қайта қалпына келеді.

4.11. Абонент жүгінген кезде Оператордың кесірінен қызметті ұсынуға қолжетімділік болмаған жағдайда Шарттың 5.9.-тармақшасында көрсетілген талаптарына сәйкес соңғы есеп кезеңі үшін Қызметті пайдаланғаны үшін абоненттік төлемнің қайта есептеуін жүргізеді.

V. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

5.1. Тараптар осы Шартты орындамағаны немесе тиісті орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

5.2. Оператор шарттық міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті орындамағаны үшін Абоненттің алдында жауапты болады, бұл ретте Оператор мен Абонент осымен жауапкершіліктің Абонентке келтірілген тура шығын (нақты шығын) мөлшерімен шектелетініне келіседі, және Оператор Абоненттің және (немесе) үшінші тұлғалардың ұтылған пайда түріндегі мүмкін шығындары үшін жауапты болмайды;

5.3. Оператор осы Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті орындамағаны мыналардың салдарынан туындағанын дәлелдесе, жауапкершіліктен босатылады

а) осы Шарттың VI-тарауымен көзделген жағдайлар;

б) Абонент Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Шартпен белгіленген міндеттемелерді бұзғанда;

в) Қызметтердің үшінші тұлғалармен санкцияланбаған пайдалануы;

г) үшінші тұлғалардың өзге әрекеттері (әрекетсіздіктері);

5.4. Абонент оның Оператор Қызметтерін пайдаланған кезде өзінің ақпаратын (Абоненттің логині мен құпия сөзді қоса), өзінің бағдарламалық және аппараттық қамтамасыз етудің сақталуына және қорғалуын өздігінен қамтамасыз етеді және барлық жауапкершілікті көтереді.

5.5. Егер Абонент осы Шарттың талаптарын сақтамаса, Оператор алдын ала ескертусіз Абонентке Қызметтердің барлығын және бөлігін ұсынуды тоқтатуға, оның ішінде Абонентті жабдық портынан сөндіруге құқылы. Бұл ретте Абонент көрсетілмеген Қызметтерге төлемейді.

5.6. Абоненттің Оператор Қызметін Интернет желісіне қолжетімділік қызметтерін үшінші тұлғаларға немесе ұйымдарға ұсынғаны үшін, сондай-ақ өзге операторлар мен байланыс желілерінен тарифікті өткізу үшін, тіпті коммерциялық мақсаттарда (компьютерлік және ойын клубтары, букмекерлік ұйымдар) қызметті пайдалануды жүргізуді пайдаланғаны үшін Абонент Оператордың жазбаша арыз хаты бойынша соңғыға айыппұлды төменде келтірілген формула бойынша есебінен төлейді:

$$(C * T) - (H * T) = S$$

C – Оператордың тарифтері бойынша заңды тұлғаның бір айға Интернетке қолжетімділік қызметін пайдаланудың орташа құны;

H – Оператордың тарифтері бойынша жеке тұлғаның бір айға Интернетке қолжетімділік қызметін пайдаланудың құны;

T – Шарттың талаптарын бұзумен Қызметті пайдалану айларының жалпы саны;

S – айыппұлдың сомасы.

5.7. Оператор 5.6.-тармақта көрсетілген Шарттың талаптарын бұзуды айқындаған жағдайда, соңғысы Абонентке айыппұл сомасының көрсетілумен жазбаша арық хатты жолдайды. Айыппұлдың сомасы Оператор жазбаша арыз хатты ұсынған сәтінен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Абонентпен төленуі тиіс.

5.8. Оператор мыналар үшін жауапты емес:

- Абонентпен Оператор Қызметтерінің көмегімен берілетін және қабылданатын, қолданыстағы заңнамаға сәйкес келетін ақпараттың сапасы, құрамы үшін;

- Оператор Қызметтерін тура немесе жанама түрде пайдалану және/немесе Оператордың мұндай Қызметтерді көрсетуінің болмауы нәтижесінде туындауы мүмкін кез келген шығындар, соның ішінде ұтылған пайда үшін; Абонент Оператор Қызметтері арқылы қолжетімділікті алған тауарлар немесе басқа ұйымдар, немесе үшінші тұлғаларды пайдаланғаны үшін Абоненттің пайдалануы;

- Оператордың кесірінен емес болған Қызметтердің ұсынуды тоқтатқаны немесе сапасының нашарлауы үшін;

- үшінші тұлғалар әкімшілік ететін жеке желілік тораптардың немесе Интернет желісі ресурстарының қолжетімді болмағаны және шектеу үшін;

- Оператор өткізетін профилактикалық немесе жөндеу жұмыстары кезінде болған Қызметтерді ұсынуды тоқтату немесе сапасының нашарлауы, егер Абонент ол туралы осы Шартта көрсетілген тиісті мерзімде ескертілсе;

- кез келген шығындар үшін, оның ішінде Абоненттің рұқсатымен немесе рұқсатынсыз үшінші тұлғалармен немесе ұйымдармен ақпаратты (Абоненттің сәйкесендіргіш деректерін қоса) немесе Абоненттің жабдығын пайдалану салдарынан туындаған ұтылған пайда үшін.

5.9. Оператордың кесірінен Қызметтерді ұсынуда тоқтатқан жағдайда жалпы тәулігіне 8 сағаттан артық, Абоненттің талабы бойынша Абоненттің дербес шотына соңғы есептік кезеңі үшін бос тұрғандағы әр сағат үшін Абоненттің ай сайынғы абоненттік төлемнің 1/720 (жеті жүз жиырмадан бір), бірақ айына абоненттік төлем сомасынан артық емес қайтарады. Абоненттің Оператор техникалық қызметіне жүгінген сәттен бастап Қызметтердің болмауының уақыты есепке алынады.

5.10. Осы Шарт бойынша Оператордың барлық тура және жанама жауапкершілігі осы Шарт 5.2-тармағын қолданумен ғана шектеледі.

5.11. Абонент өзінің, сондай-ақ басқа жеке немесе заңды тұлғалардың, оның атауы мен құпия сөзін пайдаланумен жүргізілген барлық әрекеттер үшін жауапкершілік Абоненттің өзінде толық болады.

5.12. Абоненттің логині мен құпия сөзбен «Жеке кабинетінде» жүргізілген барлық әрекеттер үшін, оның ішінде Тарифтік жоспарлардың өзгеруіне (қымбаттауы/арзандауы) әкеп соққан, қосымша қызметтерге тапсырыс беру және сатып алуға жауапты болады.

5.13. Шарттың жарамдылық ету кезеңіне, қажет болған кезде Оператор Абонентке клиенттік, жиынтықтаушы жабдықты уақытша пайдалану (жалға) беруді жүзеге асырады. Абонент берген жабдық үшін толық материалдық жауапты болады, оны растау үшін Тараптар Жабдықты қабылдау-тапсыру актісі құрылды, онда Абоненттің жабдықты бұзғаны немесе жоғалтқаны үшін жауапкершілігі көрсетіледі. Жабдықты бұзғаны немесе жоғалтқан жағдайда Абонент оның толық құнын Операторға өтеуге міндеттенеді.

VI. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ ӘСЕРІ

6.1. Тараптар еңсерілмейтін күштің әсері немесе Тараптардың ерік білдіруінен тәуелсіз өзге және егер мұндай жағдайлардың туындаған сәттен бастап 10 (күн) ішінде және байланыс болған кезде олардың әсерінен зардап шеккен Тарап екенші Тарапты олардың басталуы туралы хабардар етсе, осы Шартта көрсетілген қызметтердің түрлері немесе осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға кедергі болатын осы Шарт бойынша Тараптың міндеттемелерін орындауға әсер ететін жағдайлар туындаған жағдайда, осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағыны үшін босатылады.

6.2. Еңсерілмейтін күштің әсерінің жағдайлары болып мыналар танылады: дүлей апаттар, жаппай тәртіпсіздік, ереуіл, әскери қақтығыстар. Осы Шартта көрсетілген қызметтердің түрлеріне тура немесе жанама түрде тыйым салатын немесе осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындауға кедергі жасайтын заңнамалық актілердің, үкіметтік қаулылардың, мемлекеттік ұйымдар өкімдерінің күшіне енуі.

6.3. Еңсерілмейтін күштің әсерінің жағдайлары басталған кезде Шарт бойынша міндеттемелерін орындау мерзімі уақыты бойынша ұзартылады, ол уақыт ішінде қандай да бір шығындарды өтеусіз мұндай салдар әрекет етуі жалғастырады.

VII. ШАРТТЫҢ ЖАРАМДЫЛЫҚ МЕРЗІМІ, ЖАСАСУ МЕН БҰЗУ ТӘРТІБІ

7.1. Осы Шартқа барлық қосымшалар мен қосымша келісімдер оның ажыратылмас бөлігі болып табылады және жазбаша түрде рәсімделуі тиіс.

7.2. Шарттың жарамдылық мерзімі осы Шарт бойынша Абоненттің дербес шотына (логиніне) таңдалған Тарифтік жоспарға сәйкес аванс түскен сәттен бастап анықталады. Бұл ретте Абоненттің Жеке деректерін жинауға және өңдеуге келісімі оларды жинау және өңдеу мақсаттарына қажетті мерзімі ішінде, егер өзге Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделмесе әрекет етеді.

7.3. Шарт белгісіз мерзімге жасалды.

7.4. Шарттың жарамдылығы осы Шарттың талаптарымен көзделген негіздер немесе Тараптардың келісімі бойынша, Шартты болжанған бұзу күнінен 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын жазбаша хабарламаны жолдау арқылы мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін. Бұл ретте Шарттың жарамдылығының өтуі, сондай-ақ Абоненттің Оператордың бөлген портынан ажыратылуын деп түсіндіріледі.

7.5. Оператор Шарттан біртарапты тәртіпте кез келген уақытта мына жағдайларда бас тартуы мүмкін:

7.5.1. Егер Абонентке Интернет желісіне қолжетімділік қызметтерінің көрсетілуімен байланысты талаптарды бұзылуымен және осы бұзушылықтар Абонентпен жойылмағанымен байланысты Қызметтерді көрсету тоқтатылса;

7.5.2. егер Абонентке Интернет желісіне көрсетілген қолжетімділік қызметтеріне төлеу бойынша мерзімді бұзумен байланысты Қызметті көрсету тоқтатылса және Абонент көрсетілген

қызметтер бойынша осы міндеттемені оның өз міндеттемелерін орындамаған сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде орындамаса;

7.5.3. Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларымен және осы Шартпен көзделген басқа жағдайларда.

7.6. Осы Шартты бұзу Тараптарды өзара есеп айырысуды жүргізуден босатпайды. Абонентке төленген ақшаны қайтару Абоненттің қайтару туралы өтінішін тіркеу күнінен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде көрсетілген қызметтерді есептемей жүргізіледі. Егер Шартты бұзу сәтінен бастап 6 ай ішінде Абоненттен дербес шоттағы қалдықты қайтаруға жазбаша өтініш келіп түспеген жағдайда, Оператор Абоненттің дербес шотынан соманың қалдығын есептен шығаруға құқылы.

7.7. Шартты бұзу сәтінде Абонентке Қызметтерді ұсыну үшін іске қосылған кез келген ресурстар Абонент ақпаратының мүмкін жоғалуымен босатылуы мүмкін.

7.8. Тараптар осы Шартта ескертілмеген жағдаларда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әрекет етуі тиіс.

7.9. Оператордың қайта ұйымдастырған кезде (оның ішінде атауының, деректемелерінің және т.б. өзгертуі), сондай-ақ осы Шарт және оған Қосымшаның талаптарының кез келген өзгерістері кезінде Оператор жүргізілген өзгерістер туралы Оператордың сайтында ақпаратты орналастыру арқылы хабарламаны жолдайды. Қайта ұйымдастыру (оның ішінде атауының, деректемелерінің және т.б. өзгертуі) Шартты қайта жасасуды тартпайды, осы Шарт бойынша барлық құқықтар мен міндеттемелер құқықтық мұрагер болып табылатын компанияға беріледі.

VIII. БАСҚА ТАЛАПТАР

8.1. Осы Шарттың талаптарымен реттелмеген барлығында Тараптар Қазақстан Республикасы заңнамасын басшылыққа алады.

8.2. Осы Шарттың әрекет ету кезеңі кезінде туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар келіссөздер арқылы шешуге келісті. Мұндай шешімнің мүмкінсіздігі жағдайында, даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген тәртіпте шешіледі.

8.3. Осы Шарт бірдей заңды күшші бар мемлекеттік және орыс тілдерінде құрылды.

8.4. Осы Шарт барлық Абоненттерге таралады және осы Шартты Оператордың сайтында орналастырған сәттен бастап Интернетке қолжетімділік қызметтерін көрсетуге бұрын жасалған Жария шартты алмастырады.

8.5. Осы Шартты Оператордың сайтына жаппай жіберілімдерді қысқа мәтіндік хабарламалар немесе жариялымдарды жіберген сәтінен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Абонент 7.4-тармағына сәйкес Шарттан бас тарту туралы өтінішті беруге құқылы. Оператордың көрсетілген мерзімде бас тартуды алмау, тіпті Абоненттің Оператор қызметтерін пайдалану Абоненттің шартталған қабылдауын білдіреді.

9. ОПЕРАТОРДЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

«КаР-Тел» ЖШС, Заңды мекенжай: Қазақстан Республикасы, 010010, Астана қ., Алматы ауданы, Қадырғали Жалайыри к., 2 үй, тел. +7 727 3500606, факс +7 727 3500605, БСН 980540000397, Банктің атауы – «ForteBank» АҚ банктің БСК – IRTYKZKA, ЖСК KZ239650200007576641.